

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыс «Айналмалы қанатты жолдардың автоматтандырылған электржетегі» тақырыбына орындалған.

Жұмыста «Генератор – қозғалтқыш» электр жетегін басқару жүйесі «Тиристорлы түрлендіргіш – қозғалтқыш» жүйесіне ауыстырылып, фазалық роторлы асинхрондық қозғалтқыш, қысқа тұйықталған роторлы асинхрондық қозғалтқышқа ауыстырылып және оны жиілік түрлендіргіш арқылы басқару көрсетілген. Электр жетегінің басқару жүйесінің күштік элементтері есептеліп, жүйенің шығыс сипаттамалары алынған.

Экономика бөлімінде аспалы арқанды жолдың электржетегін жетілдірудің экономикалық тиімділігі көрсетілген және аспалы жолға арналған асинхронды қозғалтқыш жүйесінің екі нұсқасының салыстырмалы қорытындысы жасалған.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электрқондырғыларының табиғи және механикалық желдету шаралары есептеліп көрсетіліп, жалпы дипломдық жұмысқа қорытынды берілген.